



ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Ерте христиандықтағы гностицизм
мен дінбұзарлық



Дәрістің мақсаты: ерте христиандықтың рухани жағдайы, қалаптасып жатқан шіркеудің гостиктік ереспен күресі туралы білу.

Гностицизм. Материалды әлемнің жаман құдай-жаратушысы мен жақсы мейірімді Тәңір түсінігі бар антикалық ілімдерді шартты түрде гностицизм (еж. грек. – «танушы») десе болады. Бұл гностикалық ілімдерде Көне және Жаңа өсиет пен шығыс мифологиясы сарыны синтезделген. Бұл аймақта гностицизмге дуалистік ирандық дін мен мифология айрықша ықпал еткен. Гностикалық ілім ерте христиандық дәуірінде өте кең тарады. Христиандық қалыптасып болған соң мұндай дуалистік гностикалық ілімдер ортодокстық дін тарапынан таза дінбұзарлық ретінде айыпталған. Ортодоксия христиандықта Евангелия мен шіркеу іліміне сәйкес келетін діни таным. Ал ерес яғни дінбұзарлық – шіркеу мен ортодокстық танымнан ажырау. Дегенмен христиандағы ортодокстық діни таным мен жүйелі теология осы гностицизммен күресте қалыптасқандығы белгілі.

Шайтан – дінбұзарлықтың шабыт беруші көзі. Дінбұзарлар қуғынға ұшырап, жиі-жиі дарға асылатын. Христиан шіркеуінің дінбұзарлықпен күресі II ғасырдың өзінде басталды. Дінбұзар ілімдердің жақтаушылары жойылғанымен кенеттен көптеген ғасырдан соң қайта жанданып шыға келетін. Нәтижесінде көтеріліс пен діни соғыстар пайда болатын. Дінбұзар кітаптардың көбісін шіркеу жойып жіберетін немесе оның ізбасарлары жасырып қоятын.

Манихеизм ықпалы. Манихейлік тіпті басқа гностикалық ілімдермен салыстырғанда тым пессимстік. Онда адам шайтандық күштердің жиіркенішті кейпіндегі туындысы. Адам жайлы трагедиялық және кемсітетін миф жаратқан Мани ілімі өте танымал болатын, тек қана Таяу Шығыс, Кіші және Орталық Азияда емес, сондай-ақ, Еуропа, Солтүстік Африка, Кавказ, Балқандарға тарап, Үндістан мен Тибетке ықпал етеді.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Екі топқа бөлініп, «Біздің әлемді қатыгез жаратушы жаратқан ба?» деген сұрақты ортодоксальдік христиандар және гностиктер көзқарасында пікір таластырыңыздар. Мани ілімін толық жүйе ретінде талдаңыздар.

2. Л. Гумилевтің «Ежелгі түркілер», Ю. Зуевтың «Ерте түркілер» монографияларын және басқа тарихи зерттеулерді қолдана отырып, мемлекеттік манихей дінінің Ұйғыр қағанатының саясаты мен тағдырына әсер еткенін талдаңыздар.

3. Ю. Зуева және К. Торланбаеваның «Манихейлік және Талас» мақаласын, сонымен қатар, А.Т. Агелеуованың түркілік манихейлік туралы мақаласын оқыңыздар. Ортағасырлық Талас-Тараздың мәдениетінің манихейлік табиғатына байланысты ғалымдардың пікірінің қанша-лықты дәлелді екенін талдаңыздар.

4. З. Наурзбаеваның зерттеуін қолдана отырып, гностицизм және көшпенді түркілердің дәстүрлеріндегі жердегі өмір мәні туралы түсініктерді салыстырыңыздар.

Бақылау сұрақтары

1. Дуализм қалай және неге пайда болды?
2. Христиандықта дуализм неліктен пайда болды?
3. Гностицизм дегеніміз не?
4. Валентин ілімінің мәні неде?
5. Неге Маркион ілімі соншалықты танымал болды?
6. Эзотеризм дегеніміз не?
7. Қашан және қай жерде манихейлік пайда болды, оның тараған аумағы қандай эзотеризмге жатады?